

**Білім алушыларға мемлекеттік (жергілікті) білім гранты (тапсырысы) негізінде
Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі, білім беру қызметтерін көрсету туралы
КЕЛІСІМ-ШАРТ**

Түркістан қаласы

№ _____

« _____ » _____ 20__ жыл

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (ҚР білім және ғылым министрлігінің 03.02.2012ж берген лицензиясы N АБ 0137408) атынан, жарғы негізінде қызмет ететін, университет президенті, Б. Абдрасилов, бұдан әрі «БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫ», және екінші жағынан азамат(ша) бұдан былай «БІЛІМ АЛУШЫ» _____

(білім алушының аты-жөні тегі)

немесе білім алушының мүддесі үшін әрекет етуші бұдан әрі «ТАПСЫРЫС БЕРУШІ» _____

(тапсырыс беруші немесе заңды тұлға атауы)

_____ деп аталатындар арасында осы келісім-шартты төмендегідей мазмұнда түзді.

1.КЕЛІСІМ-ШАРТ НЫСАНЫ

1.1. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымында Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес _____ оқытудың күндізгі _____ түрі бойынша, білім беру бағдарламасындағы академиялық күнгізбесіне сәйкес қорытынды аттестацияның өту нәтижелері бойынша білім алушыға білімі туралы құжат тапсырғанға дейін білім беруге міндеттенеді.

1.2. Білім алушы немесе мүддесі үшін әрекет етуші осы келісім-шартқа сәйкес өзінің міндеттеріне адал қарауға міндеттенеді.

2. ТАРАПТАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ МЕН ҚҰҚЫҚТАРЫ

2.1. БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫ міндеттенеді:

2.1.1. Қазақстан Республикасы білім беру ұйымына қабылдаудың ҚР БҒМ-нің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығына сәйкес білім беру ұйымының білім алушылар қатарына азамат(ша) _____ қабылдауға;

(Білім алушының тегі, аты, әкесінің аты)

2.1.2. осы Келісімшартты бекітерде білім алушыны мекеменің Жарғысымен басқа да нормативтік құқықтық құжаттарымен ережелерімен таныстыруға;

2.1.3. басқа білім беру ұйымынан ауысып келген грант иегерлерін, ҚР заңнамаларына сай және білім беру ұйымының ережелерінің академиялық саясаты талаптары бойынша қайта қалпына келтіріп, білім алушы қатарына қабылдауға;

2.1.4. білім алушы оқу бағдарламасын толық орындап (академиялық қарызы болмаса), ҚР Білім және Ғылым министрлігі бекіткен нормативті құқықтық актілерге және білім беру ұйымының ішкі ережелеріне сай, білім алушының өтініш негізінде шығаруға, бір білім беру бағдарламасынан, екіншіге немесе бір оқу формасынан екіншіге, сондай-ақ заңнамаларға сәйкес басқа білім беру ұйымына ауыстыруға;

2.1.5. білім беру ұйымының ережелеріне сай кітапханаларының ақпараттық ресурстарын, компьютер техникасын, оқулықтарын, оқу-әдістемелік кешендерін және оқу-әдістемелік құралдарды пайдалануда еркін қолжетімділікті қамтамасыз етуге;

2.1.7. білім алушының ғылыми іс-тәжірибеден өтуін, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын» негізге ала отырып ұйымдастыруға;

2.1.8. білім алушыға өз еркімен білім беру ұйымының ғылыми, мәдени және спорттық шараларына, сондай-ақ халықаралық ғылыми, мәдени және спорттық өмірге қатысуға мүмкіндік беруге;

2.1.9. оқу орны таратылған немесе білім беру қызметі тоқтатылған жағдайда білім алушыға басқа білім беру ұйымында білім алуды жалғастыру үшін білім алушыларды ауыстыру бойынша шаралар қабылдауға.

2.2. БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫ құқықылы:

2.2.1. білім алушыдан осы Келісімшартқа және білім беру ұйымының ішкі тәртіп Ережелеріне сәйкес міндеттерді тиісінше орындауды сондай-ақ оқу тәртібін қадағалауды, оқытушыларға, қызметкерлерге және басқа білім алушыларға құрметпен қарауын талап етуге.

2.2.2. білім алушыға оның оқу тәртібін, осы Келісімшарттың шарттарын, ұйымының ішкі тәртіп Ережелерін және **шетел азаматтарына қойылатын талаптарын** бұзғаны үшін тәртіптік шаралар қолдануға, оның ішінде білім алушы қатарынан шығаруға;

2.2.3. оқуға түскен немесе оқып жүрген білім беру бағдарламалары бойынша оқу тобындағы білім алушының саны 12 білім алушыдан кем болса, ол топты таратып білім алушыларды өздері ниет білдірген басқа білім беру бағдарламаларындағы оқу топтарына ауыстыруға.

2.2.4. білім алушыны ұйымының ішкі тәртіп ережелерінде қаралған тәртіппен оқудағы, ғылым және шығармашылық қызметіндегі табыстары үшін ынталандыруға және марапаттауға;

2.2.5. білім алушыдан білім беру ұйымының мүлкіне ұқыпты қарауды, компьютер және басқа техникаларымен жұмыс істеу ережелерін сақтауды талап етуге. Білім алушының әрекеттерінен материалдық шығын келтірілген жағдайда Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларында қарастырылған тәртіппен оны қалпына келтіру үшін шығындардың орнын толтыруды талап етуге;

2.2.6. білім алушыны академиялық қарызы немесе жазғы семестр нәтижесі бойынша өтпелі (GPA) балл жинамаса мемлекеттік (жергілікті) грантынан (тапсырысынан) айыру және шартқа қайта отырғызу арқылы қайта сол курсқа ақылы түрде қалдыруға;

2.2.7. Келісімшартты келесідей себептер бойынша бір жақты тәртіппен бұзуға: оқу тәртібін бұзғаны үшін, ішкі тәртіп Ережелерін және білім беру ұйымының Жарғысын бұзғаны үшін, келісімшарт міндеттерін орындамағаны үшін, басқа білім беру ұйымына ауысуға байланысты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен қарастырылған өзге де жағдайларда.

2.3. БІЛІМ АЛУШЫ міндеттенеді:

2.3.1. Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы, оқу бағдарламасын, білім беру ұйымының оқу жоспары мен академиялық күнгізбесіне сәйкес орындауға;

2.3.2. білім беру ұйымы басшысының бұйрықтарын, өкімдерін, тапсырмаларын, білім беру ұйымының Жарғысын, ішкі тәртіп Ережелерін, **шетел азаматтарына қойылатын талаптарын** және осы Келісімшарттың шарттарын сақтауға және орындауға;

2.3.3. білім беру ұйымының иелігіндегі барлық материалдық құндылықтар мен оқу аудиторияларындағы оқу-құрал жабдықтарға және барлық ақпараттық ресурстарына ұқыптылықпен қарауға;

2.3.4. білім беру ұйымының оқытушыларына, қызметкерлеріне және басқа білім алушыларға сый құрметпен және әдеппен қарам-қатынас жасауға;

2.3.5. оқу сабақтарына науқастануына байланысты немесе басқа да дәлелді себептерін айғақтайтын ресми түрде ақтаушы құжаттарды тапсыруға, тиісті құжаттары болмаған жағдайда академиялық қарызы болса сол пәндерді ҚР заңнамалары мен Білім беру ұйымының ішкі тәртіп ережелеріне сәйкес ұйымдастырылатын жазғы семестрде немесе оқу жылы көлемінде академиялық қарыздарын жоюға;

2.3.6. белгіленген квота шегінде педагогтік, медициналық және ветеринарлық мамандықтар бойынша оқуға түскен ауыл жастары қатарынан шыққан азаматтар жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымын бітіргеннен кейін тиісінше мемлекеттік білім беру ұйымдарында, мемлекеттік медицина ұйымдарында, ветеринария саласында қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік органдар бөлімшелерінде не ауылдық жерде орналасқан мемлекеттік ветеринария ұйымдарында кемінде үш жыл жұмысты өтеуге;

2.3.7. Мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде педагогикалық және медициналық мамандықтарға оқуға түскен Қазақстан Республикасының азаматтары жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымын бітіргеннен кейін кемінде үш жыл мемлекеттік білім беру ұйымдарында және мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарында жұмыспен өтеуге;

2.3.8. Мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде басқа мамандықтар бойынша білім алған Қазақстан Республикасының азаматтары Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен кемінде үш жыл жұмыспен өтеуге міндетті.

2.4. БІЛІМ АЛУШЫ құқылы:

- 2.4.1. оқу формасын сақтай отырып, бір білім беру ұйымынан басқа білім беру ұйымына білім беру ұйымы басшысының бұйрығы негізінде ауыстыру және қайта қабылдау Ережелерімен бекітілген тәртіпте ауысуға, қайта қабылдануға;
- 2.4.2. қосымша төлемге мемлекеттік стандарттан тыс қосымша білім беру қызметтерін алуға;
- 2.4.3. кітапхана және оқу залдары базасында оқу, оқу-әдістемелік әдебиет қорын пайдалануға және еркін қол жеткізуге;
- 2.4.4. өзін-өзі басқару органдарына қатысуға, өз пікірін еркін білдіруге, өзінің адамдық қадір-қасиетінің құрметтелуіне;
- 2.4.5. осы Келісімшартқа қосымша келісімдердің жоғарыда аталған мүмкіндіктерін бекіту арқылы білім беру ұйымының шешімі бойынша жылдамдатылған бағдарламалар мен дербес оқу жоспары бойынша оқуға;
- 2.4.6. денсаулығына, жанұя жағдайына байланысты өз етінішімен оқудан шыққан жағдайда оқу формасының сақталуына;

3. БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТІН ТӨЛЕУДІҢ МӨЛШЕРІ МЕН ТӘРТІБІ

- 3.1. Мемлекеттік білім гранты (тапсырыс) бойынша оқудың жалпы бағасы (оқудың барлық кезеңіне) жыл сайын ҚР Үкіметінің арнайы қаулысымен орнатылады. Мемлекеттік тапсырыс бойынша студенттерді дайындауға ҚР БҒМ мен жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары арасындағы жасалатын келесім шартқа отырған соң, республикалық (немесе т.б.) бюджеттен қаржыландыру жоспары бойынша оқудың төлем ақысы жасалады;
- 3.2. Академиялық айырмашылықты, академиялық қарызды жою, пәндерді және оқу жұмыстары түрлерін қайта оқу, сонымен қатар білім берудің мемлекеттік жалпыға білім беру стандартынан үстем қосымша пәндерді оқу ағымдағы оқу жылына осы курсқа білім беру ұйымының «Ақылы білім алудың оқу ақысын төлеу ережесінің» 1 кредит құны есебімен білім алушының өз есебінен төленеді;
- 3.3. Кредиттің бағасы, Қазақстан Республикасының Ұлттық валютасымен білім беру ұйымының есеп шотына Банктік аудару арқылы жүргізіледі. білім алу үшін төлемнің мөлшері және мерзімдері жыл сайын білім беру ұйымының басшысымен бекітіледі;
- 3.4. Басқа білім беру ұйымдарынан ауысып келген немесе академиялық демалыстан шыққан білім алушылар, академиялық айырмашылықты оқудың төлем ақысын аусу немесе академиялық демалыстан шығу туралы ректордың бұйрығынан соң «Ақылы білім алудың оқу ақысын төлеу ережесінің» талаптарына сәйкес төленуі керек.
- 3.5. Білім алушы білім грантынан (тапсырысынан) айырылған жағдайда оқуын ары қарай ақылы түрде жаңа келісім шарт жасалады, оқудың төлем ақысы білім беру ұйымының «Ақылы білім алудың оқу ақысын төлеу ережесінің» мөлшерінде орнатылады;
- 3.6. Академиялық демалыс берген жағдайда келісім шарт мерзімі ұзартылуы мүмкін.

4. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ЖӘНЕ КЕЛІСІМ ШАРТТЫ БҮЗУ ЖАҒДАЙЛАРЫ

- 4.1. Осы Келісімшартта қаралған өз міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарымен белгіленген тәртіппен жауапкершілікті иеленеді.
- 4.2. Келісім-шарт мына жағдайларда бұзылуға жатады:
- 4.2.1. білім алушы академиялық үлгермегендігі үшін білім беру ұйымы әкімшілігінің ұсынысы бойынша бұйрықпен оқудан шығарылған жағдайда және білім беру ұйымының Жарғысында, ішкі тәртіп ережелерінде көрсетілген талаптар мен ережелерді бұзған жағдайда;
- 4.2.2. білім алушының оқудан шығу туралы жазған өтініші бойынша, денсаулығына байланысты ДҚК-ның анықтамасы негізінде, өзге білім беру ұйымына ауысуына, білім беру ұйымына қатысты емес басқа да жағдайларға байланысты оқудан шығарылса;
- 4.3. Осы білім беру қызметін көрсету бойынша келісім-шарттың 2.3.6., 2.3.7., және 2.3.8., тармақшаларын орындамағаны үшін білім алушы оқуымен байланысты республикалық бюджет шығындарының орнын толтыруға міндетті.
- 4.4. Бюджеттік қаражат есебінен оқытумен байланысты шығыстарды қайтарусыз Занда көзделген жұмысты өтеу жөніндегі міндет:
- 4.4.1. жұмысты өтеу жөніндегі міндеттің орындалуына байланысты;
- 4.4.2. тиісті құжаттармен расталған білім алушының (жас маманның) қайтыс болуына байланысты;
- 4.4.3. жұмысты өтеу мерзімі кезінде I, II топ мүгедектігі белгіленген жағдайда;
- 4.4.4. оның денсаулық жағдайы бұдан әрі еңбек міндеттерін орындауға кедергі жасаған немесе басқа адамдардың денсаулығына және (немесе) еңбек қауіпсіздігіне қауіп төндірген жағдайдағы адамдарға;
- 4.4.5. қолданыстағы басқада заңнамаларда көзделген жұмысты өтеу жөніндегі міндетінен босатылуына байланысты тоқтатылады.

5. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

- 5.1. Осы Келісімшартты орындау барысында туындайтын келіспеушіліктер мен даулар өзара келісімі негізінде тараптармен шешіледі.
- 5.2. Келіссөздер арқылы тараптармен шешілмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

6. ФОРС-МАЖОР

- 6.1. Су тасқыны, өрт, басқа да апатты жағдайлар, соғыс немесе әскери әрекеттер сияқты форс-мажорлық жағдайларда, сондай-ақ Тараптардың бақылауынан саналы шегіне байланысты емес және Келісімшартты жасағаннан кейін пайда болған кез келген өзге жағдайларда Тараптардың жауапкершілігі басталмайды.

7. ӘРЕКЕТ ЕТУ МЕРЗІМІ, КЕЛІСІМШАРТ ШАРТТАРЫН ӨЗГЕРТУ ТӘРТІБІ МЕН ОНЫ БҮЗУ

- 7.1. Осы Келісімшарт оны тараптардың қол қою күнінен басап күшіне енеді және оны толық орындағанға дейін әрекет етеді. Жаңа келісімшартты жасау кезінде жаңа келісімшартты жасау кезінен белгіленген шарттар әсер етеді.
- 7.2. Осы Келісім-шарт Тараптардың келісімдері негізінде өзгертіледі және толықтырылады, келісім-шартқа енгізілген кез келген өзгертулер мен толықтырулар жазбаша түрде жасалып, оған қол қоюға өкілеттігі бар тұлғалар қол қойған кезде ғана жарамды болады.
- 7.3. Білім беру ұйымы басшысының тиісті бұйрық шығаруы тараптар арасында келісімшарт шарттарын тоқтатылу сәті болып табылады.

8. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 8.1. Аталмыш келісім шарт үш дана етіп, бірдей заң күшіне ие мемлекеттік қазақ тілінде құрылып, бір данасы білім алушыға беріліп, қалған екі данасы білім беру ұйымында қалдырылады;
- 8.2. Егер білім алушы _____ 18 жасқа толмаған болса келісім шартта ата-анасының, қамқоршысының қойған қолы немесе ата-анасының нотариалды куәландырылған келісімі болуы керек.

9. ТАРАПТАРДЫҢ ЗАҢДЫ МЕКЕН – ЖАЙЫ ЖӘНЕ БАНКТІК РЕКВИЗИТТЕРІ

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Түркістан қаласы,
161200 Б.Саттарханов №29 В
БИН 990440008043, К6е16
„Қазақстан Халық Банкі“ АҚ
БИК HSBKZKZKX, ИИК KZ436010291000010707
Тел: 8(72533) 6-38-48

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университет президенті,
_____ Б.Абдрасилов

Заңгер _____

Тегі, аты, әкесінің аты _____

Жеке куәлік № _____
Берілген күні “ ____ ” _____
ЖСН: _____
Мекен-жайы _____

Телефон номері _____
Қолы _____
Ата-анасы немесе Тапсырыс беруші _____

